**Автор**: Есманова Салтанат Сейтқадырқызы
**Пән**: Физика
**Сынып**: 7-сынып
**Бөлім**: Қысым
**Тақырып**: Сұйықтар мен газдардағы қысым. Паскаль заңы

---

| | |
|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі | 7.2.2 Қысым |
| Сабақтың тақырыбы | 7.3.1.5 Сұйықтар мен газдардағы қысым. Паскаль заңы |
| Осы сабақта жүзеге асатын оқу мақсаты (оқу жоспарына сілтеме) | 7.3.1.4 Газ қысымын молекулалық құрылым негізінде түсіндіру;<br>7.3.1.5 Сұйықтардағы гидростатикалық қысымның формуласын шығару және оны есептер шығаруда қолдану. |
| Сабақ мақсаты | ***Барлық оқушылар:***<br>Сұйықтар мен газдарда қысымның қалай берілітінін түсінеді; Гидростатикалық қысым формуласын қорытып жаза алады.<br>***Көптеген оқушылар:***<br>*Қатты денелердің, сұйықтардың, газдардың қысымын бір-бірінен ажырата алады, айырмашылықтарын талдайды;*<br>*Гидростатикалық қысым формуласына есептер шығарады.*<br>***Кейбір оқушылар:***<br>Гидростатикалық қысым формуласын түрлендіріп, жоғары деңгейлі есептерді шығара алады |
| Ойлау деңгейі | Білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау |
| Бағалау критериі | Қатты денелердің қысымы мен гидростатикалық қысым ұғымдарын түсінеді, қысым формуласын жазады;<br>Қатты денелердің, сұйықтардың, газдардың қысым ұғымдарын бір-бірінен ажырата алады, айырмашылықтарын талдайды;<br>Гидростатикалық қысым формуласын түрлендіріп, есептер шығарады. |
| Тілдік мақсаттар | Арнайы пәндік лексика және терминология:<br>Қысым – Pressure<br>Сұйықтардың қысымы – Pressure in Liquids<br>Газдардың қысымы – Gas pressure<br>Күш – Force Аудан – Area<br>Бөлшек – particle<br>Молекула – molecule<br>Биіктік – height<br>Тереңдігі – depth<br>Салмақ – Weight |
| Құндылықтарды дарыту | Қарым-қатынас жасау қабілеті – жұмыс түрлерін (жұптық, шағын топтық, бүкіл сынып) өзгерту арқылы;<br>Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау – талдау, сызба көрсету және дәлелдеу тапсырмалары арқылы. |
| Пәнаралық байланыс | Математика – есеп шығару дағдылары (амалдар қолдану).<br>Жаратылыстану – зат құрылымы, заттың үш агрегаттық күйі, қысым ұғымдары. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары | Компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы электрондық оқулықтан, www.bilimland.kz , www.twig-bilim.kz сайтындағы тақырыпқа қатысты ақпараттарды және виртуалды зертхананы қолдана отырып, зерттеу жүргізе алады. |
| Алдыңғы білім | Қатты денелердегі қысым ұғымын біледі, формуласын жаза алады және есептер шығаруда қолдана алады;<br>Жаратылыстану пәнінен қысым және заттың үш агрегаттық күйінің болатындығы жайлы алғашқы түсініктермен таныс. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру<br>(3 мин) | «Жалғасын тап» ойыны<br>Image not found or type unknown<br>Оқушыларды топқа бөлу<br>**Мұғалім не істейді**<br>оқушылармен амандасу, түгендеу, сабақты бастамас бұрын, жақсы көңіл-күй ортасын орнатады.<br>**Оқушылар не істейді**<br>Таратылған суреттер мен мәтіндер кеспелерінің жалғасын тауып, 3 топқа бөлінеді және жаңа сабақтың тақырыбын ашады.<br>**Бағалау**<br>Бір-біріне түрлі-түсті шарларды тілек айтып, сыйлау<br>Image not found or type unknown | Суреттер, кеспелер<br>www.bilimland.kz<br>Image not found or type unknown |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| Кіріспе<br>(7 мин) | А) ББҮ кестесін толтыру<br>Image not found or type unknown<br>Б) Зымыран сұрақтар (тест)<br><br>а) Сабақ мақсатын айқындау<br>б) өткен сабақтағы білімін тест түрінде тексеру<br>**Мұғалім не істейді**<br>а) ББҮ кестесінің **«білгім келеді»** бағанасын толтырту арқылыоқушыларға сабақтың мақсатын қойдыртады.<br>б) Өткен сабақтағы алған білімін тест тапсырушы құрал **«Activote»**арқылы тексереді, жаңа сабаққа білімдерін жүйелейді.<br>**Оқушылар не істейді**<br>а) Оқушылар ББҮ кестесінің білемін және білгім келеді бағанасын толтыру арқылы сабақтың мақсатын шығарады.<br>Image not found or type unknown<br>б) activote арқылы тест тапсырып, білімдерін тексереді.<br>**Бағалау**<br>1. Бас бармақ<br>Image not found or type unknown<br>2. Критерий бойынша 1-8 балл<br>**«қанағаттанарлық»** – 3-4 дұрыс жауап;<br>**«жақсы»** – 5-7 дұрыс жауап;<br>**«өте жақсы»** – 8 дұрыс жауап. | 1. **«ББҮ»** кестесі<br>2. **Activstudio** бағдарламасында жасалған тест және<br>Image not found or type unknown<br>**«activote»** тест тапсырушы құрал |

| **Сабақкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Негізгі бөлім<br>(12 мин) | 1.«Миға шабуыл»<br>www.bilimland.kz, www.twig-bilim.kz сайтындағы және оқулықтағы ақпараттармен жұмыс<br>Image not found or type unknown<br>1. Сұйықтар мен газдардағы қысымның неге тәуелді екенін түсіну; гидростатикалық қысым формуласын қорытындылау;<br>**Мұғалім не істейді**<br>1. Оқушыларға ББҮ кестесі бойынша айқындалған мақсатына сүйене отырып, оқулықпен және компьютерде www.bilimland.kz, www.twig-bilim.kz сайттарында осы тақырыппен жеке танысуына, түсінік алуына қолдау көрсетіп, қадағалайды, бағыттайды.<br>Image not found or type unknown<br>**Оқушылар не істейді**<br>Газдар мен сұйықтардың қысымы неге тәуелді екенін, қалай берілетінін www.bilimland.kz, www.twig-bilim.kz білім сайттарына кіріп, эксперименттер мен теорияны салыстырып, гидростатикалық қысымның қандай физикалық шамаларға тәуелді екенін тапсырмаларды орындау арқылы анықтайды.<br>www.bilimland.kz<br>Image not found or type unknown<br>Image not found or type unknown<br>**Бағалау**<br>Жинаған балы бойынша<br>Image not found or type unknown<br>Өте жақсы<br>Image not found or type unknown | Физика және Астрономия 7 сынып оқулығы,<br>https://cloud.mail.ru/public/JzyY/VVpH8nTNa<br>Image not found or type unknown<br>www.bilimland.kz<br>Image not found or type unknown<br>www.twig-bilim.kz |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сергіту сәті<br>(7 мин) | 2. «БФЕ» кестесі бойынша талдау жасайды<br>Қатты денелердің, сұйықтардың, газдардың қысымдарын талдау және салыстыру<br>**Мұғалім не істейді**<br>**Image not found or type unknown**<br>«Барлық факторларды ескеру» кестесін талқыланатын мәселені 3 топқа бөліп береді. **БФЕ шаблоны**<br><br>**1-топ:** Газ бен сұйық қысымының артықшылықтары<br>**2-топ:** Газ бен сұйықтар қысымының кемшіліктері<br>**3-топ:** Қызықты факторлар.<br>**Оқушылар не істейді**<br>«БФЕ» стратегиясы бойынша талдау жүргізіп, басқа топтармен бөліседі.<br>Image not found or type unknown<br>**Бағалау**<br>**Image not found or type unknown** | www.bilimland.kz<br>Image not found or type unknown<br>www.twig-bilim.kz<br>Image not found or type unknown |
| Қысымды азайту, үлкейту қимыл қозғалыс жаттығуларын жасату арқылы сергіту.<br>(2 мин) | Оқушыларды физиологиялық және психологиялық тұрғыда тақырыппен байланыстыру арқылы сергіту.<br>**Мұғалім не істейді**<br>Сергіту сәтін өтілген жаңа тақырыппен байланыстырып, оқушылардың қызығушылығын арттырады<br>**Оқушылар не істейді**<br>Оқушылар ойын жаттығуларын қысыммен байланыстырады.<br>Image not found or type unknown<br>**Бағалау**<br>Бір-біріне жақсы эмоция сыйлау<br>Image not found or type unknown | Музыка, анимацияланған слайд |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| 3. «Әткеншек» әдісі арқылы есептер шығару (7 мин) | Image not found or type unknown<br><br>Сұйықтың ыдыс түбіне түсіретін қысымын анықтау.<br>**Мұғалім не істейді**<br>1. Оқушыларға эксперименттік есептерді шығаруға қажетті құралдарды, яғни су құйылған ыдыс, сызғышты дайындап береді.<br>2. Эксперименттік есептерді реттілігімен орындауына бағыттаушы болады.<br>1. Сызғыш көмегімен стакандағы су биіктігін анықтаңдар. (1 балл) 2. Стакан түбінің ауданын қолданып, сұйық көлемін анықтаңдар V = S h. (1 балл)<br>3. Судың тығыздығын пайдаланып, сұйықтық массасын анықтаңдар. m = V p. (1 балл)<br>4. Сұйықтың стакан түбіне қандай күш түсіретінін есептеңдер. F = mg (1 балл)<br>5. Стақан түбіне сұйықтың түсіретін қысымын есептеңдер. P -? (1 балл)<br>6. Есептеулерді дәптерге жазыңдар.<br>**Оқушылар не істейді**<br>Оқушылар «Әткеншек» әдісі бойынша эксперименттік есептер шығарып білімдерін жүйелейді.<br>1. Әр топтан 3 оқушы www.bilimland.kz сайтындағы виртуалды зертханадағы эксперименттік есепті шығарып көрсетеді.<br>Image not found or type unknown<br><br>2. Әр топтан оқушы үстелдің үстіндегі құралдар арқылы гидростатикалық қысымды есептейді.<br>Image not found or type unknown<br><br>3. Әр топтан 2 оқушы 1 логикалық есеп пен 2 деңгейлік есепті шығарады.<br>1. Бес бірдей ыдыс берілген. Біріншісі сумен, екіншісі сүтпен, үшіншісі керосинмен, төртіншісі күнбағыс майымен, бесіншісі спиртпен толтырылған. Қандай сұйықтық құйылған ыдыста<br>1) түбіне түсірілген қысым үлкен?<br>2) түбіне түсірілген қысым аз?<br>2. Стақандағы сынап биіктігі – 8 см. Сынаптың ыдыс түбіне түсіретін қысымы неге тең?<br>3. Су құйылған мұнарадағы судың биіктігін анықта, егер оның ең төменгі жағына орналастырылған манометр көрсеткіші 220 кПа көрсетіп тұрса.<br>Критерий бойынша бағалау | www.bilimland.kz<br>Image not found or type unknown<br><br>«Физика және Астрономия» есептер жинағы 7 сынып<br>https://cloud.mail.ru/public/JzyY/VVpH8nTNa |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Рефлексия<br>(2 мин) | ББҮ кестесінің соңғы бағанасын шығару **«нені үйрендім?»**<br>Мақсатқа жеткенін анықтау.<br>**Мұғалім не істейді**<br>Оқушылардың ББҮ кестесінің «үйрендім» бағанасын толтыруын қадағалау және сабақтың мақсатына жеткеніне кері байланыс алады.<br>**Оқушылар не істейді**<br>Оқушылар ББҮ кестесін толтыра отырып сабақтың мақсатына жеткенін анықтайды.<br>Өзін-өзі бағалау | ББҮ кестесі |
| Қосымша ақпарат | **Дифференциация – Сіз жоспарда қолдауды қалай басымырақ көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілетті балаларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз?**<br>Сұрақты басқа оқушыға бағыттау, жауап беру үшін уақыт беру, ынталандырушы бағалау түрлерін қолдану арқылы қолдау көрсету.<br>Қабілетті оқушыларға Блум таксономиясы бойынша ойлаудың жоғары деңгейіндегі тапсырмаларды беру.<br>**Бағалау – Оқушылардың меңгерген білімдерін қалай тексеруді жоспарға енгізіп отырсыз?**<br>Оқыту процесінде белсенді әдістер «БФЕ», «ББҮ», «Әткеншек» және «Бас бармақ», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Шапалақ соғу» қалыптастырушы бағалау түрлерін қолдану арқылы.<br>**Денсаулық пен қауіпсіздік техникасын қорғау**<br>АКТ-интерактивті тақтаны, компьютерді қолдану кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау<br>***Сабақ бойынша рефлексия***<br>*Оқу мақсаттары шынайы болды ма? Барлық оқушылар ОМ жетті ме? Егер жетпесе неге?*<br>*Сабақта дифференциация дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттары сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неге?*<br>*Осы бөлімде сабақ туралы ойланыңыз. Сол жақтағы бағанның негізгі сұрақтарына жауап беріңіз.*<br>**Жалпы бағалау Сабақтың екі көрінісі жақсы өтті (оқыту мен қатар оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**Сабақты жақсартуға ненің әсері тиуі мүмкін (оқыту мен қатар оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**Сабақ барысында мен сыныппен бөлек оқушылар туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу керек?** | |